

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1997 жылғы 30 шілдедегі N 113 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы 2000 жылғы 27 маусым N 72. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 29 шілде N 1205 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 392 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енеді.

Төраға

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
жөніндегі агенттігі басқармасының
2004 жылғы 27 желтоқсандағы
N 392 қаулысына Қосымша
Күші жойылды деп танылатын нормативтік
құқықтық актілердің тізбесі*

9. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1997 жылғы 30 шілдедегі N 113 қаулысына толықтыру енгізу туралы" 2000 жылғы 27 маусымдағы N 72 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1205 тіркелген, "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналында жарияланған, 2000 жыл, N 9)

Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті реттеу және инвесторлардың құқықтарын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 1997

жылғы 13 қарашадағы N 3755 U973755_ жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағы 9) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 04 қыркүйекте 361 нөмірмен тіркелген V970361_ "Бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларына қойылатын талаптар туралы" Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 30 шілдедегі N 113 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жинағы, 1998 ж., II том, 104, 129, 141-беттер; "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналына қосымша, 2000 ж., 2(3), 15-бет):

1) мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Кастодиандық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың өз капиталдарын есептеу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциялық нормативтерді белгілейтін нормативті құқықтық актілеріне сәйкес жүргізілетіндігі белгіленсін."

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның, бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының (оларға осы Қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып), "Бағалы қағаздар орталық депозитарий" ЖАҚ-ның және "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің назарына жеткізсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасы:

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және бағалы қағаздар рыногында кастодиандық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың назарына жеткізсін;

2) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар рыногында кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға ниет білдірген ұйымдардың назарына жеткізсін;

3) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Комиссияның мүшелері

